



КӨКЕЙКЕСТІ



Соңғы күндері қызу талқыға түскен Жер кодексіндегі бірқатар нормаларға мораторий жарияланды. Бұл жөнінде Елбасы кеше Ақордада өткен жиында мәлімдеді. Күн тәртібіндегі өзекті тақырып талқыланған кеңеске Президент әкімшілігі, парламент палаталарының төрағалары және үкімет мүшелері қатысты.

Президент алқалы жиында «Халыққа ауыл шаруашылығы жерінің сатылмайтынын түсіндіру керек еді. Егер қазақстандықтар қабылданған шешімге сенбесе, түсінбесе, онда ол дұрыс емес. Біз мұның барлығын халық үшін істейміз. Қоғамда бірқатар заңнамалық норма бойынша күмән туды. Сондықтан да мен

мынадай шешім қабылдаймын: Жер кодексінің қоғамдық резонанс тудырған бірқатар нормалары, нақты айтқанда, былтырғы енгізілген төрт норманы күшіне енгізуге мораторий жариялаймын», – деді.

(Жалғасы 2-бетте)



Мораторий жарияланды



КӨКШЕТАУ:
СУ БАР, БІРАҚ
ЖАРАМСЫЗ

4




ҰЛТТЫҢ
«ҰЛАНЫ»

5

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ


Сабын емес,
ет бой мұнда



(Жалғасы 2-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Жалақысыз ғалым



– Сіз хатыңызда келтірген ғылыми-зерттеу институттарында қанша айдан бері еңбекақы берілген жоқ?

Марат МОЛДАБЕКОВ: Бізде қазір 24 мың адам бар. Олардың барлығы, әрине, ғылым адамы емес. Ғылым адамы шамамен 3 500-дей. Бұлардың орташа айлық еңбекақысы шамамен 100 мың теңгенің айналасында деп айтуға болады.

(Жалғасы 3-бетте)



НЕСИЕ
ХИКАЯСЫ

7



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

46,10



DOLLAR

333



EURO

383



РУБЛЬ

5,1

ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНДЕ

ЫСТАМБҰЛҒА АРНАЙЫ СЕРІКТЕС ТАРИФІ

«Эйр Астана» Қазақстаннан Ыстамбұлға ұшатын рейстерінде 74 800 теңгеден басталатын арнайы серіктес тарифін қуана ұсынады.

*Барып-қайту құны, әуежай алымдарын қамтиды

airastana.com

air astana



@ on the web

www.jasqazaq.kz
arda.com.kz

Көкейкесті



(Басы 2-бетте)

КОМИССИЯ ҚҰРЫЛАДЫ

Елбасы «Халыққа ұнамайтын заңның бізге керекі жоқ», — дей келе «Ауыл шаруашылығындағы мәселені егін егіп, мал жайып отырған адам біледі. Асфальтта жүріп айқайлағандар емес. Үкімет жанынан вице-премьер Бақытжан Сағынтаев жетекшілік ететін комиссия құруды тапсырамын. Ол комиссия мемлекеттік және қоғамдық органдармен мына шаруаны талқылап, нақты түсіндіріп, Жер кодексіндегі даулы мәселелерге қатысты ұстанымдарды айқындап, парламентке ұсыныстар беріп, парламентпен бірге қайта қараймыз. Түсінбей жүрген адамдарды шақыру керек. «Нұр Отан» партиясы мен демократиялық күштердің біріккен коалициясы бірлесе отырып, ауқымды түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек. Оған барлық партиялар, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарын тарту қажет», — деді.

ҚОС МИНИСТРЛІК ТҮСІНДІРЕ АЛМАДЫ

Нұрсұлтан Назарбаев Ауыл шаруашылығы және Ұлттық экономика министрліктерінің өз ұстанымдарын халыққа дұрыс түсіндіре алмағанын атап өтті. Елбасы «Екі мемлекеттік орган — Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі

Жер кодексіне қатысты жұмыста өз міндеттерін дұрыс орындай алмады. Бұл екі органның жұмысын түгел жаман деп отырған жоқпын. Бірақ Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге қатысты өз ұстанымын түсіндіруге келгенде осалдық танытты», — деді. Жиын барысында өз жұмысын дұрыс атқармағаны үшін Ұлттық экономика министрінің орынбасары Қайырбек Өскенбаев қызметінен босатылды. Ал Ұлттық экономика министрі Ерболат Досаев пен Ауыл шаруашылығы министрі Асылжан Мамытбековке қатаң сөгіс берілді.

Президент жиында еліміздегі ауыл шаруашылығы әр гектардан 400 доллар алатынын, ал Францияда бұл көрсеткіш 5 мың долларға жететінін айтты. Мемлекет басшысы «Болашақта ауыл шаруашылығы бізге өзге ресурстарды алмастыруы мүмкін» дей келе, Канада мен АҚШ-тың осылай жұмыс істейтініне тоқтады. Ал Франция Еуропадағы азық-түліктің жартысын қамтамасыз етеді. Елбасы «Сондықтан бізге осындай қиындықтарды еңсеріп жатырмыз», — деді.

МИНИСТР ЖУРНАЛИСТЕН ҚАШАДЫ

Елбасы «Біз Экономикалық ынтымақтастық және даму жөніндегі ұйымның стандарттарына талпынып, әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосыламыз деген мақсат ұстанып отырмыз. Бұл ұйымдағы, жалпы, дамыған

елдердің ең бір жақсы стандарты — Үкімет халық алдына күнде шығады. Үкімет мүшелерінің барлығы қоғам алдында құрдай жорғалайды. Ол елдердің министрлері бір мәселе туындай қалса, жедел пікір білдіреді. Ал, бізде қалай? Менің айтарым, брифингке келіп, журналистердің алдында қағазға жазылған мәтінді оқып беру - ақпараттық жұмыс емес. Біздің министрлер брифингте журналистерден қашқанда, алдына жан салмайды. Қарапайым сұраққа жауап бермейді», — деп қадап айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, қазір әрбір министрлік өз саласындағы саясатты түсіндіретін ақпаратты органға айналған. Сондықтан, қоғамнан «тығылу» — тиімсіз жұмыстың басты себебі.

АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ҚҰРЫЛАДЫ

Бұқаралық ақпарат құралдарының өз министрлігі болады. Елбасы кеше Ақордада өткен кеңесте ақпарат және коммуникациялар министрлігі құрылатынын хабарлады. Мемлекет басшысы ақпарат саясаты мәселелерінің қазір өзге министрліктің құзырында екенін айта келе, осы салаға бөлінген қаржы қалай жұмсалғанын Үкіметте бақыланбайтынын атап өтті. Жана министрлік мемлекеттің ақпарат саясатын жетілдіру мақсатымен түрлі бағыттар бойынша жұмыс істейді.

(өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

92

отбасы Шығыс Қазақстан облысында алаяққа жем болды

400

келі дәрі-дәрмекті Қытайдан елімізге контрабандалық жолмен алып өтпекші болған

6000

рет Алматыда экологиялық норма бұзылды

Өзекті мәселе



Білім реформасына САРАПТАМА

Білім саласына қатысты реформа салмақты сараптан өткізілуі тиіс. Бұл туралы Елбасы кеше Ақордада өткен жиында мәлімдеді. Мемлекет басшысы оқушылардың жазғы демалысын қысқартып, үш тілде білім беру жүйесін енгізуге қатысты мәселеде де үкіметтің қоғам пікіріне талқылауға қоғамдық кеңестер тартылып, ашық пікірталас алаңдарын құру көзделіп отыр.

АПТАНЫҢ АЙЛАСЫ

Құжат бойынша САБЫН



Қазақ-қырғыз шекарасындағы «Карасу-авто» бекетінен елімізге сабын орнына ет алып өтпек болған азамат ұсталды.

ҰҚК баспасөз қызметі хабарлағандай, ұсталған азамат MAN жүк көлігінде сабын тиелген деген құжат көрсетіпті. Алайда тексеру барысында шекарашылар сабын орнына 7 тонна ет өнімін тәркілеген. Айласы іске аспаған азамат қамауға алынды.



Михаил Альшинецкий, мәскеулік ветеринар дәрігер:

«2016 жылы наурызда түскен рентген түсірілімін, талдауын қарап шықтым. Жануар азып-тозып, өлімнің аз-ақ алдында тұр. Қозғалыс жоқ. Ыдыстағы тамаққа жақындаған да жоқ. Оның өмірін арашалап қалу мүмкін емес. Сол себептен оны дәрі беріп өлтіру керек. Қант талдауы көрсеткендей, лейкоциттер төмендеп кеткен. Соңғы екі айда ауру жануардан қан талдауы алынбаған. Зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Жануарды емдеуге мүлде көмегі тимейтін дәрілік заттар пайдаланылған»

Ақбай ӘЖІБАЕВ, Алматы хайуанаттар бағы директорының орынбасары:

«Жануар отырып, кейде тұрып тамақ ішеді. Өзіне берілген 4 келі етті түгелдей жеп қояды. Жағдайдың дұрысталып келе жатқанын өз көзіммен көріп тұрып, біреудің айтқанына не үшін көңуіміз керек? Михаил Валерьевичті бұрыннан танимын. Жақсы дәрігер, мықты маман. Мен оның біліктілігіне еш күмән келтірмеймін. Бірақ мен келіспеймін»



Ескерту

Әскери шеру өтпейді



Биыл елімізде Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай әскери шеру болмайды. Бұл туралы Қорғаныс министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Дегенмен әскери шеру алдағы қыркүйек айында Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналады. Енді әскери шеру тек айтулы мерекеге орай өткізіледі.

Ұзын құрық

Алматыда бір мекемені тақырға отырғызып, шетелге қашып кеткен алаяқ 3 жылдан кейін ұсталды.

Капустянский құтылмады



Еліміздің Бас прокуратурасы Біріккен Араб Әмірліктерінде бой тасалап жүрген 28 жастағы Николай Капустянскийдің елге қайтарылғанын хабарлады. Ол 2013 жылы Алматыда коммерциялық ұйымның 5 млн теңгесін алаяқтық әрекетпен иемденіп, ізін жасырған болатын. Араб елінде жасырынып жүрген Н.Капустянский енді қылмыстық жауапқа тартылады.

Әлеумет.t⁰



Абайлаңыз, қауіпті!

Біз тұрақты түрде өнімдер қауіпсіздігіне мониторинг жасаймыз. Басқармада «Азық-түлік өнімдері қауіпсіздігінің мониторингі» деген қызмет түрі бар. Осы тексерудің шеңберінде аумақтық департаменттер сауда желісі нысанын аралап, бюджет қаржысына өнім сатып алады. Биылғы мониторинг аясында «Али Капс» және «Сеалекс Форте» биологиялық белсенді қоспаларын (ББК) сатып алып, зертханалық зерттеу жүргіздік. Құзырлы комитеттің дәрі-дәрмекті зерттеу орталығы аталған ББК-ның құрамынан 11,5 мг/капсуладан бастап 18,84 мг/капсулаға дейін «Тадалафил» дәрісінің табылғанын анықтады. «Тадалафил» — бұл дәрілік зат. Негізінен, ББК-ның құрамында қандай да бір дәрілік заттың болуына



тыйым салынған. Өйткен себебі, бұл өнімді адам күнделікті тұтынатын дәрумен, минералдық зат секілді тамаққа қосып ішеді.

Қызылжарлығы сол, биологиялық белсенді қоспаны өндіруші — Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы «ВИС» ЖШҚ-ы бізге мемлекеттік тіркеу туралы құжатын жібергенде қоспаның құрамында дәрілік заттың барын көрсетпеген. **Айта кетейін, ББК-ны мемлекеттік тіркеуден Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі өткізеді. Дәрі-дәрмекке, ББК-ға бақылау жүргізетін құзырлы мекеменің**

кателігі — қоспаның құрамын тексермегені. Ендеше, «Али Капс», «Сеалекс Форте» сияқты биологиялық қоспаның адам денсаулығына қаншалықты қауіпті екенін құзырлы министрлік маманы айтсын. Айтпақшы, биологиялық белсенді қоспадан дәрінің табылуы алғаш рет тіркеліп отыр.

Зертханалық зерттеудің қорытындысы бойынша Тұтынушылардың құқығын қорғау комитеті «Али Капс» және «Сеалекс Форте» ББК-ның мемлекеттік тіркеу куәлігін қайтарып алды.



Сөйтіп оның күшін жойды. Әлбетте біз зертханалық зерттеу нәтижесі туралы Санкт-Петербургтағы Сестрорецк қаласында орналасқан «ВИС» компаниясының басшылығын, аталған өнімнің еліміздегі дистрибьюторын хабардар еттік. Аталған ББК-ның тіркеу куәлігі қайтарылып, күшін жойғаны жөнінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасына, кеден қызметі органына, өзіміздің аумақтық департаменттерге хабарлады. Яғни алдағы уақытта өндірушінің бұл өнімді көтерме бағамен де, дәріханалар жүйесі арқылы бөлшек бағамен де сатуға ешқандай құқы жоқ.

Зәуре АХМЕТОВА, Тұтынушылардың құқығын қорғау комитетінің зертханалық қызметті дамыту басқармасының басшысы

ҚОҒАМ



3

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.kz

Өзекті

Ақтөбе облысында былтыр киік қырылды, биыл ірі қара жаппай өліп жатыр. Оның себебін мамандар анықтауда. Ырғыз ауданы басшылығы дала жануары көшінің бағытын өзгертуді ойластырып отыр. Ауыл маңында улы шөп болуы мүмкін деген болжамдар да жоқ емес. Санаулы күн бұрын Қобда ауданының тұрғындары дабыл қаға бастады. Үй жануарлары белгісіз дерттен өліп жатыр.

Әлия ауылында малдың жаппай қырылуы бойынша еліміздің Ауыл шаруашылығы министрлігі бейсенбіде шұғыл ақпарат таратты. 13 бас ірі қара пастереллез бен листерлезден өлген деген алдын ала болжам бар. Әлия ауылына мамандар арнайы барып, бүгінде Ұлттық референтті орталыққа тексеру үшін материалдар жолдады. Сонымен бірге Қазақ ғылыми-ұлттық зерттеу ветеринарлық институт та тексеру жұмыстарын қолға алды. Ірі қараның қырылуына қатысты халықаралық эпидемиологиялық бюро да тексеру жұмыстарын жүргізбек. Министрліктің ветеринарлық бақылау және қалағалау комитеті төрағасының орынбасары Тұрсын Қабдұлдановтың хабарлауынша, пастереллез бен листерлезге қатысты тексеру шаралары қолға алынууда. Оның айтуынша, қандай да бір шектеу қою — жергілікті

таяуда есеп берген Ырғыз ауданының әкімі Мирхан Дуанбеков қызыл кітапқа енген жануарлар өлімінің алдын алу үшін шаралар қолға алып жатқанын жеткізген болатын. Киіктердің қырылуына қатысты аудан басшысы пастереллезді қозғаушы күштің не екені белгісіз болды. Аумақтағы барлық ірі қара малға, жылқыларға вакцина жасалған. Биылғы жылғы киіктердің жүретін өз жолдары бар. Мирхан Дуанбековтің телефон арқылы хабарлауынша, соңғы санақ бойынша бүгінде аудан аумағында 8 мыңдай киік бар. Мамыр айының басында олар лақтай бастайды. Жаппай қырылудың алдын алу үшін олардың жолының бағытын өзгерту керек. Ырғыз-Торғай резерватының мамандары киіктің жолын бақылайтын болады. Әкімнің айтуынша, ертеректе қазақтар үй жануарының да жолын өзгертіп отырса керек.

Киік қырылмасын десек



атқару органдарының қузырында. Сиырлардың аузынан көбік ағып, температуралары жоғарылаған. Тек екі тәулікте шамамен 300-ге тарта ірі қара пышаққа ілігіпті. Мамандар сиыр етінің пайдалануға болатынына сенімді. Оны сатып алып жатқандар да бар. Жалпы, мұндай жайт көршілес Атырау облысында да болған. Махамбет ауданының Алға ауданында 39 ірі қара пастереллезге шалдықты деген күдік бар. Жоғарыда айтқанымыздай, биыл Ақтөбе облысының аумағында киік қырылуы мүмкін деген қауіп бар. «Ақтөбе ақпарат» орталығында

— Мәселен, ауылдың бір шетінде мал өледі, екінші шетінде жайылған мал аман. Сондықтан аталарымыз малдың өрісін өзгертіп отыруы да мүмкін. Үлкендер күші 15 тәулікке жететін ерекше өсімдіктің барын айтып отыратын. Бәлкім, өткен жолы қыстан әлсіреп шыққан жануарлар сондай улы өсімдіктен қоректенген болуы мүмкін, — дейді аудан басшысы. Айтпа кетейік, былтыр мамыр-маусым айларында Ырғыз ауданында 8 мыңға тарта киік өлді.

Асқар АҚТІЛЕУ,
Ақтөбе

Сөз-жебе

Иван САУЭР,
«Родина» агрофирма» ЖШС директоры:

«Мені мына мәселе толғандырады. Көптеген жерді иемденіп, игере алмай отырғандар бар. Қазіргі таңда ауыл шаруашылығында бизнесті жаңадан бастағысы келетіндерге мүмкіндік жоқ. Себебі ыңғайлы жер таппайды. Ал шын мәнінде, миллиондаған гектар жайылым бос жатыр. Бірақ бәрінің иесі бар. Менің ойымша, бүгінгі жағдай сол миллиондаған гектар жерінен айырылып қалудан қорқатындардың әрекетінен туындап отыр»

Тұсаукесер

Жер туралы білгің келсе

JERTURALY.KZ

ЖЕРДІҢ, ЖАЙЫН АЙТАДЫ.

КӨРІҢІЗ!
ОҚЫҢЫЗ!
ОЙ ТҮЙІҢІЗ!


Еліміздің ақпараттық кеңістігінде тағы бір жаңа сайт ашылды. Ол jerturaly.kz деп аталады.

Қазақ және орыс тілдеріндегі осы сайттан жер мәселесіне қатысты барлық сауалға жауап таба аласыз. «Жер туралы заң», «Қарапайым жауап», «Инфографика», «Статистика», «БАҚ», «Әлеуметтік желі», «Сіздің сауалыңыз», «Бейне» деп аталатын 7 айдары бар ақпараттық ресурс 4 мамырдан бастап іске қосылды. Онда жерге қатысты ақпарат ағыны, сарапшы-маман пікірі, ресми құжат және т.б. ең қажетті мәлімет бар. Мысалы, онда ауыл тұрғынына жерді қалай сатып алатыны туралы түсінікті мәлімет берілген.

Төлен ТІЛЕУБАЙ
Астана

Білім және ғылым
министрінің назарына..!

Ғалым жалақысыз жүр

(Басы
1-бетте)

— Жауап келген жоқ әлі. Соны күтіп отырмыз. Олар бізге: «Сіздің хатыңызды алдық» — деп айтты. Бірақ жауап әлі келген жоқ.

— Жалпы, сіз хатыңызда келтірген ғылыми-зерттеу институттарында қанша айдан бері еңбекақы берілген жоқ?

— Бізде қазір 24 мың адам бар. Олардың барлығы, әрине, ғылым адамы емес. Ғылым адамы шамамен 3 500-дей. Бұлардың орташа айлық еңбекақысы шамамен 100 мың теңгенің айналасында деп айтуға болады.

— Бүгінгі күнге дейін қанша айдың еңбекақысы берілген жоқ?

— Бізге қазір 4 айдың еңбекақысы берілген жоқ. Жыл басынан бері. Міне, осы аймен бесінші ай болады.

— Еңбекақыны, ғылыми жоба мен бағдарламаларды қаржыландыру

Мәселенің мәнісін білмек ниетте біз Марат Молдабековке қонырау шалдық.

— Министрге жолдаған өтініш хатыңыздан құлағдармыз. Соған жауап ала алдыңыздар ма?

— Бүгінгі күнге дейін қанша айдың еңбекақысы берілген жоқ?

— Бізге қазір 4 айдың еңбекақысы берілген жоқ. Жыл басынан бері. Міне, осы аймен бесінші ай болады.

— Еңбекақыны, ғылыми жоба мен бағдарламаларды қаржыландыру



мәселесі бұған дейін неше рет кешіктірілді?

— Бізде қазір, міне, төрт ай көлемде кешіктіріліп жатыр еңбекақы. Мұндай жағдай бізде бірінші рет болып жатыр. Ал қаңтар, ақпан және наурыз айында қаржы мәселесінің кешігуі жыл сайын болып тұрады.

Марат МАМАНБАЙ

Біздің сұхбат

Сәрсенбі күні «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының басқарма төрағасы Абылай Мырзахметов Жер кодексіне енгізілген өзгерістерге қатысты бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесті. Ол осы жүздесуден кейін Жер кодексіне қатысты жұртты толғандырған кейбір мәселелер бойынша газетімізге сұхбат берді.

Жас қазақ: Абылай аға, жер мәселесі қоғамда қызу талқыға түсті. Сол жерді пайдалануға қатысты бақылауды қалай күшейтуге болады?

Абылай Мырзахметов: Меніңше, жалға берілетін жерді бақылаудың екі жолы бар. Біріншіден, инвестормен жасалатын келісімде жерді пайдалануға қатысты талаптар нақты көрсетілуі керек. Мысалы, жерді қандай техникамен өңдейтіні, қандай тыңайтқыш қолданатыны, толық пайдаланатыны және т.б. Жанарған заңда егер жерді бұлдіріп, жартысын өңдейтін болса, оны үкіметтің тартып алатын құзыреті бар екені жазылған. Сол құзыретті күшейтейік. Ол үшін қоғамдық комиссия келісімінің әр тармағының қатаң орындалуын бақылайды. Жерге алаңдаған халық: «Шенеунік ертен бірдене қызығып, жерді біреуге сатады» деп қорқады. Осы

Жергілікті бизнес қауымдастық шетел инвесторының жұмысына жыл сайын баға береді. Сондай-ақ әр ауданда «Атамекен» агроорталығы ашуда. Оған 1 млрд теңге қаражат бөлінді. Осы орталықтар агромониторинг жүргізетін мекемемен жұмылып жұмыс істейді.

Жас қазақ: «Кімнің қанша жері бар?» деген сауал соңғы кездері жиі қойылып жүр?

Абылай Мырзахметов: Біз жақында кәсіпкерліктің картасын жасадық. Өкініштісі, әуелі орысша және ағылшынша нұсқасы жасалды. Қазір қазақшаға аударып жатырмыз, ол, әрине, біздің кемшілік. Осы картада барлық кәсіпкерлердің тізімі бар. Не өндіретіні, немен айналысатыны жөнінде толыққанды ақпарат бар. Менің болжауымша, 2016 жылдың аяғына дейін Ұлттық экономика министрлігі жерге

80-100 мың тоннаға дейін қой етін сатып алуға дайын. Ал біз бар-жоғы 12 мың тонна етті экспортқа шығарып жатырмыз. Оған қоса, жайылымда өскен қой етінің бағасы 10-15 пайызға қымбатырақ. Табиғи өнім. Меніңше, біз Қытайдың алып тұтыну нарығын пайдаланып қалуымыз керек.

Жас қазақ: Өткенде Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев «Атамекен» ҰҚП-сы жасаған «Іскерлік рейтингтің» жалғандығын әшкереледі. Сонда сіздер мұндай «тәуелсіз» рейтингті қалай жүргізгенсіздер?

Абылай Мырзахметов: Осындай рейтингті бірінші рет мемлекеттік тапсырыспен алып, жасалдық. Дәлірек айтсам, оны біз жасаған жоқпыз. Жалдап алған бір институт жасады. Одан өзге де социологиялық топтар, «Шанс» секілді компаниялар тендер ұтып

Абылай МЫРЗАХМЕТОВ:



Жайылым жер ортақ болуы тиіс



коркыныштың бұлтын сейілту үшін, қоғамдық комиссияның құзыретін заңмен белгілейік. Оның құрамына ауыл ақсақалдары, жер-жердегі «Атамекен» ҰҚП-сының өкілдері, беделді кәсіпкерлер кіреді. Сонда өзімізге өзіміз сенбейміз бе? Себебі қоғамдық комиссия 1 жылда жерді пайдаланушының жұмысына мониторинг жасап, ол талапқа сай келмесе, жерді мемлекет меншігіне қайтарып алады. Яғни инвестор агрохимияны дұрыс жасамай, жердің күтіміне қарамаса, оны мемлекет тартып алатын механизм болуы тиіс. Сол механизм екіжақты келісімде анық көрсетілгені жөн. Екіншіден, агромониторинг жүйесі енгізіледі. Сарапшы мамандар жалға берілген жерді ай сайын осы жүйенің көмегімен бақылайды. Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағында агромониторинг жүргізетін мекеме бар. 30-40 адам жұмыс істейтін мекеменің күш-қуаты сәл кемдеу. Сондықтан әр ауданда агромониторинг жасайтын бір-бір мекеме құрылуы қажет. Ол тек мемлекет қузырында болады.

қатысты да осындай электрондық карта жасайды. Біз оған ұсыныс айттық. Сол картада еліміздегі әрбір ауданда кімнің қанша гектар жері бар, соның ішінде қаншасы үкіметтікі, қаншасы бос, қаншасы егістік, қаншасы жайылым жер — барлығы ашық көрсетіледі. Ертен жерге инвестор кірсе, міндетті түрде ол картадан көрініп тұруы тиіс. Оның нендей тірлікпен айналысып жатқанын топосурет арқылы да білуге болады.

Жас қазақ: Ауылдағы ағайынның: «Жайылымды жалға бермеу керек» деген пікірімен келісесіз бе?

Абылай Мырзахметов: Иә, келісемін. Меніңше, жайылым жер ортақ болуы керек. Жайылымды жалға берсек, малды қайда жаймыз? Керісінше, оған көңіл бөліп, жайылым жерді көбейткен абзал. Өкініштісі, жайылымға су жетпей жатыр. Кеңес заманында жайылымды жерде құлық көп болатын. Сол құдықтарды қалпына келтірсек құба-құп. Себебі жайылым мен қорада өскен малдың өнімі екі бөлек. Мысалы, Қытай қазір бізден

алып, зерттеуге қатысты. 6 мыңнан астам кәсіпкерге сұрау салдық. Одан бөлек БАҚ-тарда жарияланған ақпараттарға зерттеу жүргіздік. Әлемдік тәжірибеге сай, әдістеменің бәрі қаралды. Ал зерттеуге қатысты қарсы пікір білдірудің өзі қоғамдық қалағалаудың күшейгенін көрсетті. Маңғыстау облысының әкімі Алик Айдарбаев өзінің көңілінен шығады. Кәсіпкерлікке деген көңілі де ерекше. Елге жанашыр азамат. Өңірге бизнес жасаймын деп келген жоқ. Әрбірден соң: «Мына әкім келіп, туған-туысын жинап алды» деп ешкім айта алмайды. Меніңше, біз осы рейтинг арқылы әкімдерге жемқорлық қай салада өршіп отырғанына ой салдық. Мысалы, былық-шылықтың бәрі жер бөлу мен құрылыс саласында шоғырланған. Облыс басшысынан төмен тұрған шенеуніктер көп қой. Оның бәріне үлкен басшы қалай жауап береді. Сол себептен А.Айдарбаевтың жанына батқанын түсінуге болады.

Сұхбаттасқан
Төлен ТІЛЕУБАЙ, Астана

4 ЖҰМАСАҒАН КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Түйткіл



Көкшетау: Су бар, бірақ жарамсыз

— Балам, үйде бір қасық су жоқ, — деді Аңғал ақсақал немересі Жанкелдіге, — жүгіріп барып екі шелекпен Шағалалыдан су әкеле қойшы.

Шағалалы өзені ауылдан екі шақырым қашықтықта. Ағып жатқан өзен болса да суы таза емес. Өйткені, жоғары жақтағы Чаглинка, Айдабол тәрізді ауыл-селолардың мал қоралары, тіпті шошқа базалары да өзенге жақын орналасқан. Көктемдегі қар суы мал қораларындағы қиды ағызып, өзенге әкеледі. Содан жаз ортасына дейін Шағалалының суы нөжіспен араласып ағады. Әншейінде майда толқындары бірін-бірі қуалап, еркелеп ағатын өзен де адамдардың осы ісіне қорланғандай алыстан қарағанда қарауытып, түсі қашып тұрады.

Быыл 7-сыныпта оқитын Жанкелдінің су тасудан әбден зықысы шыққан. Атасының су әкел деген даусын естігенде ерқашты болған ат құсап иығын қиқан еткізе түседі. Бармаймын деп кесіп айта алмайды. Ендігі жылы жетпіске толатын атасынан ұят. Барайын десе, өзені бар болғыр тым алыс. Бармақ — жеңіл, қайтпақ — бейнет. Тілерсегі майысып әрқайсысы 7-8 литрлік екі шелек суды мойынағашпен тасу азартты шаруа. Жолда келе жатып, үйінде ат арбасы бар балаларға қатты қызығады. Олар мұндай бейнет көріп жүрген жок.

Былтыр үлкендерден естіген Зеренді ауданына қарасты облыс орталығы Көкшетау қаласынан небары жиырма шақырым жерде орналасқан өздерінің Айдарлы ауылына су құбырын тарту үшін 216 миллион теңге ақша бөлініпті. Атасы Аңғал ақсақал да ақ түйенің қарны жарылғандай қуанған. Ауылдың барлық адамдары да. Бұл ауылдың жерін қанша метр қазса да, су шықпайды. Кешегі кеңес заманында да тасып ішкен. Қайта ол кезде кеңшар арнайы машина бөлетін. Қазір әркім өз бетінше тасып ішеді. Жыл он екі ай бойы ауыз суды тасып ішу адам айтқысыз қияпатты шаруа. Тартылған құбыр бар болғаны бір ай ғана жұмыс істеді. Содан соң қақаған қыстың күні құбыры қатып қалды. Теңдерді ұтып алғандар өз ісіне жауапкершілікпен қарамаған. Оның үстіне жергілікті билік қосып жазған. Солтүстіктегі

аяздың күшін ескермей, құбырды жердің бетімен өткізген. Жер үстіндегі құбыр түгіл жеті қат жердің асты да қатып жатады емес пе?!

Жанкелді бала болған соң білмейді ғой. Әйтпесе сусыз отырған жалғыз Айдарлы ауылы ғана емес, Ерейментау ауданындағы Новомарковка және Қорғалжын ауданындағы Кеңбидайық ауылдары әлі күнге дейін суды тасып ішеді. Новомарковка ауылында құрылыс жұмыстары 2013 жылы басталған. Мұндағы жұмысты «Асыл қазына НС» серіктестігі жүргізуде. Жоба бойынша былтыр ауыл тұрғындары ауызсумен қамтамасыз етілуі керек еді. Алайда жұмыс сапасыз атқарылып, қаншама ақшаға тартылған су құбырларының бір-бірімен жалғанған тұстарынан су ағып кетіп, бүкіл жұмыс рәсуа болған. Мемлекеттің қаржысы текке шашылып, құбырдан аққан судай ағып кетіп жатқандығы ешкімді ойлантатын емес. Мәселен, Жаксы ауданындағы Запорожье ауылы былтырғы қыста су құбыры қатып қалып, су азабын тартты. Алғашқы аяз түскеннен көктемге дейін сусыз отырды.

Бүгінгі таңда облыста барлығы 614 елді мекеннің 57,5 пайызы ғана орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Облыстық құрылыс басқармасының бөлім басшысы Брайда Бағмановтың айтуына қарағанда, бағдарлама 2011-2020 жылдарға лайықталып жасалғандықтан, бұл мәселені әлі де тосуға тура келеді.

Брайда Бағманов «Ақбұлақ» бағдарламасы қолға алынғаннан бері ауыл-село тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету шараларына қыруар қаржы бөлініп отыр. Ауылдық жерлерге барлығы 15,4 миллиард теңге бөлінген. Оның 12,4 миллиард теңгесі республикалық бюджеттің есебінен болса, қалғаны облыстық бюджеттен. Қазіргі кезде 27 ауыл ауыз суды тасып ішсе, 234 ауыл ауыз суын құдықтан ішіп отыр», — дейді.

Үйдегі ойды базардағы нарық бұзып кетпесе, Бұрабай ауданындағы Ақылбай ауылы, Еңбекшілдер ауылындағы Мамай ауылы орталықтандырылған су құбырына қосылмақ. Бірақ көңіл күпті. Өйткені, ауыз

Шаруаны сандалтқан ӘКІМДІК

Мәртөк ауданы әкімдігі ветеринарлық-санитарлық сараптама жасайтын қолда бар жабдықты пайдаланбай, шаруаларды облыс орталығына сенделтіп қойған.

Аудандағы прокуратура қызметкерлерінің айтуына қарағанда, мұндай сараптаманы жергілікті зертханада да жасай алады. Ал онсыз да малдан нанын айырып отырған шаруа бар шығынды өз қалтасынан

жұмсаған. Қадағалау органы қызметкерлері іске араласқанда, қымбат құрал-жабдыктар бірден іске қосылған. Сонымен бірге Мәртөк билігі былтыр бруцеллезге шалдыққан жануарлардың шығынын өтеуге асықпағанға ұқсайды. Шаруа бар талапты орындаса да, заңмен белгіленген шығынды өтемеіті. Ақтөбе облыстық прокуратурасының басқарма басшысы Маратбек Мырзамұратовтың айтуынша, 85 мал иесіне 5 миллион теңгеден астам өтемақы төленген. Ал өз жұмысына немқұрайдылықпен қараған лауазымды тұлғалар тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

асырып жіберетін көрінеді.

Жоба жасаушылар алдағы 20-30 жылды, тіпті 50 жылдан соң келетін жағдайды ойша түйіндеп, су пайдаланушылардың санын тіптен асырып жібереді. Міне, осындай жалған ақпараттың салдарынан суды пайдалану мөлшері өседі. Демек, өз кезегінде су құбырын салу жұмыстарының көлемі әлдеқайда артып кетеді. Бұл да қосымша шығын. Оның үстіне сумен жабдықтау нысандарын салу кезінде кеңестік кезеңде қабылданған талап-нормативтер қолданылады. Біздіңше, алдағы уақытта ел экономикасына қыруар шығын мен залал келтіретін мұндай іске тыйым салған дұрыс.

Ал сапасыз судың денсаулыққа зиян екені айтпаса да түсінікті. Өткенде бір әріптесімсіз өтіндегі тасын алдырды. Жеті тас шығыпты. Өзі болса жеті қасиетті сан деп қояды. Әлгі тастар біреу қолмен егегендей жып-жылмағай, жып-жылтыр. Өтінің қабы жұқарып, қалай жарылып кетпегеніне өзінің де таңы бар. Жалғыз әріптесімсіз ғана емес жарты Көкшетау қазір осындай ауруға душар. Көшеде келе жатып тыңдасаң, сылдыр-сылдыр, сыңғыр-сыңғыр етеді.

...Жанкелді Аңғал атасының бұйрық райлы өтінішін орындап, тірсегі майысып, сегіз шелек су тасыды. Бүгінгіге осы да жетеді. Ертенгісін құдай қуат берсе, тағы тасымас. Жалғыз өзі көрген бейнет пе, ағалары да тасыған, олар түгілі әкесі де тасыған. Соңғы екі шелек суды босағаға қоя бергенде төрде шай ішіп отырған атасына көзі түсті. Мандайы терішіп отыр екен. Күнімен су тасыған Жанкелдінің де мандайы терлеп тұр еді. Апыр-ай, деп ішінен ойлап қойды. Тасыған мен ішкен бірдей болады екен ғой.

Байқал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы



Мәселе

Бүгінде мұнай бағасы судан да арзан бола бастады. Бірақ санаулы жыл бұрын мұндайдың боларына ешкім сенсе қоймас еді. Сол себепті де, Ақтөбе облысының Мұғалжар ауданындағы керемет ауыз су қоры бар Көкжиде құм қойнауын алып, мұнай компаниялары игере бастады.

Сол кезде-ақ ақпарат құралдары «ауыз су қорын мұнайшылар лайылайын», — деп дабыл қакқан болатын. Бекер байбалам салмаған секілді. Сол үрей көп күттірмеді. Бүгінде Көкжиде құмы лайлана бастады. Ал сол құмның қойнауында таза, мол ауыз су қоры бар. Ал қара алтынға қызыққандар сол суды айналып өтіп, төменгі қабатындағы мұнайды айдауын доғарар емес.

Әлі күнге 4 бірдей мұнай компаниясы ұңғымаларын орнатып, жерасты байлығын игеріп жатыр. Көкжиде құмының лайлана бастағаны туралы Ақтөбе өңірлік геология және жер қойнауын пайдалану инспекциясының басшысы Ерен Жекеевтен білдік. Дегенмен ол мардымды ештеңе айта қоймады. Тек аузынан үзіп-жұлып білгеніміз «Әлия және Ко» деген аты көпке таныс емес

компания мониторинг жүргізіпті. Сол тексерудің нәтижесі бір отырыста айтылыпты-мыс. Суреттері көрсетілген. Сонымен болды.

Қанша жылдан бері айтылып келе жатқан құм қойнауының ластануын естіген шенділер енді не істемек? Ерен Жекеевтен оны да білу мүмкін болмады. Ол «Өкінішке қарай, мен ештеңе айта

алмаймын» деп қысқа қайырды. Жалпы, біз Е.Жекеев жетекшілік етіп отырған құрылымның мақсатын да түсінбедік.

Бүгінде Көкжиде құмында Қытайдың «СНПС-Ақтөбемұнайгаз» компаниясы мұнай айдайды. Сонымен бірге ірілі-ұсақты «Урихтау Оператинг», «КМК-Мұнай» және «Фирма Ада Ойл» компаниялары шама-шарқы келгенше жұмыс істеп жатыр.

Экологтардың осыған дейін жер-жерде қайта-қайта жалықпай айтып жүргеніне қарағанда, жерасты суын өз қолымызбен құрдымға жіберіп жатқан сынайымыз бар. Кейбіреулер тіршілік көзін мұнайдан емес, судан алатынымызды ұмытқан сынайлы.

Ақтөбе өңірінің аумағында мұнай қоры аз емес. Алайда мұнайшылар мен барлаушылар неге екені белгісіз, Көкжидеге шүйлікті де қалды.

Ешқайсысының өзге кен орындарын іздеп әлекке түскілері жоқ па? Экологтардың айтуларына қарағанда, сонау кеңес жылдарында Көкжиде мұнай қоры табылды дегенін ертеніне ол жерде 7 мұнай компаниясы өз жұмысын бастап кеткен. Әрі олардың ешбірі «біз қоршаған ортаны ластап жатырмыз» деп мойындап отырған жоқ.

Осыған дейін де шын тәуелсіз экологиялық мониторинг жүргізілмей келеді. Рас, тапсырыс бойынша көрсеткіш толтыратындар да табылады. Жерасты байлығын игерушілер маман не мекеме жалдайды. Ал олар өз кезегінде, «барлық жағдай жасалған» дегенге саятын қорытындыға келеді. «Қандай керемет қолайлы жағдай жасалынған десенізіші?!». «Мұнай өндірісі қоршаған ортаға еш зиянын тигізбейді». «Тигізетін зиянның мөлшері болмашы ғана!». Міне, мониторинг жүргізушілердің қорытындысы осындай.

Жасыратыны жоқ, Көкжиде суы өте керемет, бірегей. Біздің облыс орталығындағы ауыз суға қарағанда Көкжиде суы алты есе таза, алты есе жұмсақ. Бірақ жуырда одан да айырылып қалатын түріміз бар.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе

Ескеретін жәйт

Елімізге Қырғыз елінен келетін картопқа тыйым салынды. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.



Қырғыз картобы қауіпті

Өйткені, жыл басынан бері көрші елден жеткізілген картоптан қауіпті жұмыр құртының кездесуі жиілеп кеткен. Ағымдағы жылдың қантарынан бері 79 оқиға тіркеліп, 1 мың тоннадан астам жарамсыз картоп кері қайтарылған. Осыдан кейін еліміз Еуразия экономикалық одағы туралы келісімді, халықаралық карантин және өсімдік қорғау туралы конвенцияны негізге ала отырып, 4 мамырдан бастап қырғыз картобын тасуға уақытша тыйым салды.

Анасы мен баласы есірткі саудалаған



Оңтүстік Қазақстанда героин сатумен айналысқан отбасы қолға түсті.

Бұл жолы Төле би ауданын есірткімен қамтамасыз етіп келген егде жастағы әйел мен оның баласын ауылдасы ұстап беріпті. Сау етіп келген полицейлер мен арнайы жасақ диван астынан героин тола пакеттерді тауып алды. Ktk.kz сайтының хабарлауынша, 62 жастағы әйел мен 40 жастағы ұлы түйіншектерде не бар екенін, тіпті мұнда қалай пайда болғанын ұмытып қалыпты-мыс. Зейнет жасындағы әйел мен оның ұлы бұрын да есірткі сатумен айналысқаны үшін сотталған екен. Бұл жолы тәркіленген тауардың қара базардағы құны 80 миллион теңге.





Өткен жылы Алматы облысында орын алған ұрланған қыз оқиғасы елімізді дүр сілкіндірген еді. Ешкім ештеңе білмеген, ешкім ештеңе түсінбеген сол бір оқиғаға қатардағы қарапайым офицер араласпағанда, осынау дүрбелең соңының немен аяқталатынын да ешкім болжамаған. Әйтеуір бәрі де сәтті аяқталып, адам ұрлығына қатысты атышулы оқиғаға Ұлттық ұланның жауынгері нүкте қойды. Ұрланған қыз Алматыдан алпыс шақырымдай жердегі Қапшағай маңынан табылды.

Біз, қазақ елінің қарапайым азаматы, негізі, көп нәрсені онша-мұнша біле бермейді екенбіз. Әсіресе еліміздің әскери қызметі саласына қатысты көптеген керек деректі білмейміз. Ал бірақ білуге тиіспіз. Өйткені, қоғамымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, екі күннің бірінде өмірі қыл үстінде жүретін қарапайым азаматтарды да білуге тиіспіз. Олар өздерін жарнамаламайды. Жұмысы сондай. Сондықтан да біз олар туралы көп ештенге білмейміз. Кеш те болса, осындай олқылықтың орнын толтыру мақсатында біз Ұлттық ұланға қарасты Алматы қаласындағы 5571 әскери бөлімінің табалдырығын аттаған едік.

Кіреберісте полковник күтіп алды. Өнінен әскери адамға тән ресмилік байкалып тұрса да, қарапайым қазақтың бірі сияқты. Дегенмен, қысқа да нұсқа сөйлейді екен. Жылдар бойына жадына сіңген әскери әдеті болса керек. Әрбір минут-секунды санаулы екенін ескертті де, өзін таныстырды.

Нұрбай Бектұрсынов, Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстары жөніндегі орынбасары:

— Нұреке, біздің көпшілігіміз Ұлттық ұлан туралы жалпылама білгенімізбен, мұның нақты қандай әскери бөлім екенін жаксы біле бермейміз. Ал бірақ білгіміз келеді.

— Негізі, Ұлттық ұланның тарихы тым әріде жатыр. Бірақ мен сіздерге бір ауыз сөзбен өзіміздің егемендігімізді алғаннан кейінгі тарихымызды айтайын. Сол дұрыс болар, солай ма?

— Құлағымыз сізле. — Біздің жауынгерлік тарихымыз 1992 жылдың қаңтарынан бастау алады. Сол кезден бастап еліміздегі Ішкі әскердің арнайы құрамы болып есептелеміз. Міндетіміз — берілген тапсырманы лайықты орындап, жеке адам мен азаматтың конституциялық құқығын, оның қауіпсіздігін, мемлекеттің тұрақтылығы мен тыныштығын кез келген қауіп-қатерден жан-жақты қорғау болып табылады.

— Ұлттық ұлан сонда Ішкі әскер құрамына кіре ме?

— Иә. Еліміздің құқық қорғау органы жүйесіне кіретін кешегі Ішкі әскердің, бүгінгі Ұлттық ұланның Алматы қаласындағы жеке құрамы өзі құрылған 24 жыл ішінде қазіргі заманауи талапқа сай толық қалыптасты деп нық сеніммен айта аламын. Ал енді қазіргі атауымызға келетін болсақ, 2014 жылдың 21 сәуірі күні Президенттің Жарлығымен еліміздің Ішкі әскері Ұлттық ұлан болып қайта құрылды.



келді. Біздің солтүстік көршіміз — Ресей ішкі әскері де жақында Ұлттық ұлан болып қайта құрылды.

— Осы жерде менің бір түсінгенім, Нұреке, мекеме атауы өзгергеннен кейін оның міндеті де, яғни атқаратын функциясы да өзгерген болар. Әлде олай емес пе?

— Дұрыс түсінгенсіз (полковник жымсып күлді). Атау өзгергеннен кейін оған жүктелетін міндет аясы да кеңейтілді. Бұған дейін Ішкі әскер құрамы мемлекеттегі құқықтық тәртіпті күзететін, стратегиялық маңызды нысандарды қорғайтын әскер күші болып есептеліп келді. Енді, соңғы өзгерістерге сәйкес, әртүрлі төтенше жағдай кезінде құтқару шарасын тікелей жөзуге асыру да біздің құрылым атқаратын көп міндеттің біріне айналды. Мұнан өзге, тағы бір атап айта кетерлік мәселе — Ұлттық ұлан сапында арнайы жасақталған бітімгерлік әскери бөлімшесі бар. Бұл бөлімше Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарт ұйымына мүше мемлекеттердің жедел әрекет етуші Қуштерінің негізгі құрамын кіреді. Яғни Қазақстан Республикасы тарапынан халықаралық бітімгерлік міндетті де атқарумен айналысады.

Рас, кез келген адам әскери бөлімнің заманауи техникалық жағынан жабдықталуын, негізгі құрамдағы жауынгерлер мен командирлер туралы білгісі-ак келер. Дегенмен, мұндай мәселені біз тәптіштеп сұрауды жөн көрмедік. Бәрібір біле алмас едік. «Буынсыз жерден пышақ» ұрудың да қажеті жоқ, өйткені, әскери қызмет болған жерде

қажетті құпияның да болатынын бұрыннан жақсы білеміз. Ал бүгінгі білгеніміз — Ұлттық ұлан құрамына алынатын болашақ жауынгер белгілі бір талапқа сай болуы тиіс екен. Денсаулығы жағынан да, моральдық-психологиялық жағынан да. Өйткені, өзге әскери бөлімдер сияқты емес, мұндағы талап мүлде басқаша. Әңгімеіздің басы ұрланған қыз оқиғасынан



басталып еді. Осы оқиғаның басты қаһарманы болған қарапайым қазақ офицерінің осы бөлімде қызмет атқаратынын біліп, танысуға асықтық. Сарт-сұрт берілген бұйрық ауаға тарап үлгергенше-ак алдымызда сыптай болып офицер жігіт тұрды.

Рүстем Сердалинов, Солтүстік Қазақстан облысының тумасы.

Петропавл қаласындағы мемлекеттік университеттің түлегі. 2008 жылы міндетті қызмет қатарына шақырылып, содан бері келісімшарт негізінде қызмет атқаруда. Ұрланған қыз баланы табу кезінде көрсеткен айрықша әрекеті үшін Ұлттық ұлан қолбасшысы, генерал-лейтенант Руслан Жаксылыков «Ұлттық ұлан үздігі» медалімен марапаттаған. Кезектен тыс аға лейтенант шенін алған. Бірнеше спорт түрінің шебері.

— Рүстем, ұрланған қыз, естүімізше, сенің кәсіби шеберлігіңнің арқасында табылған көрінеді. Қалай тапқаныңды әңгімелеп бере аласың ба?

— Енді... — деп төтесінен қойылған сұрағымызға жас офицер таңданып қалды. Сосын дереу жинақыланды. — Енді... әңгімелеп айтардай мұның пәлендей қызықты оқиға емес екені белгілі ғой. Бұл — біріншіден. Екіншіден — біз кез келген осындай оқиғаны тез арада әрі жан-жақты зерттейміз. Тактикалық, моральдық тұрғыдан барлығын есептеп, қылмыстық оқиғаны қолымыздан келгенше ың-ыңсыз атқарғанды жөн көреміз. Ең бастысы

— мұндайда адам шығынына жол бермеуге тырысамыз. Үшіншіден — біз өзіміздің әдіс-тәсілімізді жалғанға жар салып жариялауға тырыспаймыз. Бұл қажет те емес. Керек десеңіз, бұл әскери құпияға жатады. Сондықтан біздің күнделікті жоспарымыз туралы сұрағыңызды жауапсыз қалдырсам деймін.

— Мұның да дұрыс екен. Ал жалпы, қазіргі жастар арасында Отан алдындағы әскери борышын өтеу мәселесіне жауапсыз қарайтындар көп. Бұл тұрасындағы сенің өз ойың қалай?



— Еліміздің кез келген азаматы әскери қызметтің бастапқы баспалдақтарын болса да, жүріп өткені дұрыс деп есептеймін. Ер-азамат отанын қорғау үшін жаралған. Алла бетін аулақ қылсын, әрине, егер ел шетіне жау тие калса, еліміз ер-азаматына қарайды. Сондықтан менің айтарым, әскер қатарында болып, «екі колға — бір автомат» деген қазіргі қағиданы еліміздің кез келген жас жігіті іс жүзінде басынан өткергені дұрыс деп ойлаймын.

Көп сөзге жок аға лейтенант әңгімесін қысқа қайырды да, рұқсат сұрап, шалт бұрылды. Осы сөтте қарсы алдымыздағы қазарма есігінен сымбатты қазақ қызы шыға келді. Әскери киімдегі қыз бала көзімізге тансық емес пе, жасыратын несі бар. Жандалбасалап дереу танысуға ұмтылдык.

Фарида Манғатаева, Алматы облысының Есік қаласында туған. Талғар медицина колледжінің түлегі, аға сержант:

— Фарида, қыз баланың, әсіресе қазақ қызының әскери киіммен көзге көрінуі сирек екенін жақсы білеміз. Сіздің әскер қатарында, оның ішінде Ұлттық ұлан қатарында қызмет етуіңізге қандай

да бір себеп болды ма?

— Жоқ. Ешқандай себеп болған жоқ (алғашқыда түсі суық көріген талдырмаш қыз жымсып күлді). Талғардағы медицина колледжін бітірген соң біраз жыл мамандығым бойынша жұмыс істедім де, кейіннен әскери қызметке ансарым ауыс да кетті. Сөйтіп, Ұлттық ұлан қатарынан бір-ақ шықтым.

— Әскери қызметті таңдағаныңызға ата-анаңыз қарсы болған жоқ па?

— Басында өзім де солай ойлағанмын. Бірақ бәрі керісінше болып шықты. Менің ойымды анам да, әкем де бірден құптады. Ол кісілер тек құптап қана қойған жоқ, әлі күнге дейін қолдау көрсетіп келеді.

— Біздің қазақта әскери қызмет қыз балаға кол емес деген түсінік бар. Бұл туралы сіздің жеке пікіріңіз қандай?


— Иә, оны білемін. Дегенмен, заман басқа, заң басқа. Өйткені, қыз баланың әскери қызметте болуының жағымды да, жағымсыз да жақтары бар. Бірақ өз басым мұның барлығы да әйел баласының табиғатына байланысты деп ойлаймын. Маған, міне, он жыл болды әскери қызметке келгеніме. Қиын әрі қызық. Алғашқыда бәрі де қиын болғанмен, енді мен өз өмірімді әскери қызметсіз көз алдыма елестете алмаймын. Ең бастысы — ел ірессі аман болып, егемен еліміздің шекарасы бұзылмасын деп тілейік.

Марат МАМАНБАЙ

Тағзым

Адамзат жүрегіне айықпас жара салған екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 71 жыл өтсе де, отты жылдардың елесі әлі халық жүрегінен өшпегені белгілі. Ол уақытта адалдық, елдік мінез бен ерлік қасиеттер сынға түсті.

Жасаған ерлігін мақтан етпей, міндетім, парызым деп түсінген жауынгердің бірі менің атам Әбділхак Оспанов болатын. Екінші дүниежүзілік соғыстың алғашқы күнінен бастап Батыс, Орталық, Украина, Белоруссия майдандарындағы шайқасқа қатысқан. Қатардағы жауынгерден кіші сержант дәрежесіне көтерілген Әбділхак атам Қызыл Тулы Суворов атындағы дивизияның 354 атқыштар полкінің 1203 атқыштар ротасында бөлім командирі болған.



Әкеміз Әбділхактың «Өткен, әкем өзінің соғыс кезінде үшінші мәрте жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталғанын білмей кетті. Ол кісі өте қарапайым еді. Әр нәрсені «өзімнің парызым, міндетім» деп білетін. Уақыт өткен сайын әке бейнесі көлендеп көз алдына келе береді екен, — деп бастайтын әңгімесін. Атамды өз көзіммен көру бақыты бұйырмағанымен, әкем ол кісі туралы үнемі есіне алып, айтып

отыратын. Әкем мен барлық туыс-туғандарымыз асыл атамызды еске жиі алып отырады. Женістің 70 жылдығына арнап ауданда энциклопедиялық кітап шығарылды. Әкем атамыздың соғысқа қалай қатысқанын, өмірбаянын жақсы біледі. Тек соғыс жылдары ғана жауынгерлік ерлігі үшін төрт орден, бірнеше медаль алған. Сталиннің «Алғыс хатында» есеп жоқ болатын. Осы орден-медальдары туралы деректі архив құжаттарын тексеріп отырып, әкесінің соғыс кезінде үш бірдей «Қызыл Жұлдыз» орденімен, бірінші және екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, III-дәрежелі «Данк» орденімен, үш жауынгерлік медальмен марапатталғанын анықтады.

ДЕРЕКТЕР СЫР ШЕРТСЕ

Әбділхак ОСПАНОВ — 11 ақпан 1916 жылы Семей облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық кеңесіне қарасты Шыңқожа ауылында дүниеге келген. 1939 жылы 27 қыркүйекте әскерге шақырылып, Семей облысы Аягөз ауданы Нарын ауылдық кеңесіне қарасты «Красный Октябрь» колхозынан әскерге аттанады. Әскери міндетін батыс аймақта 19 БАО әскери бөлімде атқарған. Әскери қызметін сапер болып бастап, соғыс соңында 12 атқыштар полкінің атқыштар бөлімінің командирі кіші сержант дәрежесінде аяқтаған. Фин соғысына қатысқан. Соғыс кезінде Кеңес Одағының маршалы Рокоссовский басқарған 65 армия 354 дивизия 1103/1203/ полктер құрамында соғыста болып, Батыс, Орталық, Оңтүстік, Украина, Беларусь, 1-ші және 2-ші Беларусь майдандарында соғыстың 1-ші күнінен аяғына дейін ерлікпен шайқасты. Әбділхак атам 5 рет жарақат алған.

ТҮЙІН

Кезінде «Қызыл Ту», «Қызыл Жұлдыз» ордені тек нағыз батырға ғана берілетін. Ал үш дәрежелі «Даңқ» орденін, үш мәрте «Қызыл жұлдыз» орденін алғандарды Кеңес Одағының Батырына теңестіріп жатады. Ұлағатты өмір белестеріндегі Ұлы жеңісті жақындату жолындағы азаматтық ұстанымынан айнымаған Әбділхак Оспанов атамды жаңжиярлық еңбегі мен ерлігі замандастарының аузында аңыз болып айтылады. Кейінгі ұрпаққа мақтаныш, үлгілі әке, батыр ата болып жүрегімізде мәңгі қала бермек. Осындай ержүрек азаматтың ұрпағы болғанымыз мақтан тұтып, батыр атамның ерлігінің алдында мәңгілікке бас иемін.

Жансәуле ӘБДІЛХАКОВА

Игі іс

Ұлы Жеңістің 71 жылдығы қарсаңында «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ энергетика саласына сүбелі үлес қосқан ҰОС ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтап, мерекелік жиын өткізді.

Айтулы шара барысында сөз алған Баскарма төрағасы Мұхит Үмбетов «...Ардагерлеріміздің ерен ерліктері арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты ғұмыр кешудеміз.

Сіздердің ерліктеріңіз — біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Біз әрқашанда Женіс күнін және аға буынның Отанға деген шексіз сүйіспеншілігін — жастарды ерлік пен патриотизмге тәрбиелеудің өлшеусіз өнегесі деп білеміз...» деп ардагерлерге құрмет білдірді.

Компания үшін үрдіске айналған бұл шараның басты мақсаты — өскелең ұрпақты Желісті жақындатқан аталарымыздың ерліктерімен таныстырып, ортамызда жүрген ардагерлерге құрмет көрсету

болып табылады. Алматы қаласы мен облысының 2,5 миллионнан астам тұрғынын электр қуатымен қамтамасыз етіп отырған ірі мекеме «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-да, қазіргі таңда 6 ҰОС ардагері және 24 тыл еңбеккері бар.

Шара барысында Отан қорғап, өшпес ерлік көрсеткен карт майдангерлерге компания ұжымы сый-сияпат жасап, материалдық көмек көрсетті.

«АЖК» АҚ Баспасөз қызметі





Серпін

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ
ҚОЯР ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Әкімнің айтуынша, алдымен «Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру» реформасы аясындағы 15 қадамды қамтитын іс-шаралар «Мемлекеттік қызмет туралы» жаңа заңға сәйкес жүргізілуде. Жыл басынан бері 537 адам мемлекеттік қызметке орналасу үшін тест тапсырып, 297-сі, яғни 55%-ы шектік межені бағындырып, оң нәтиже көрсетті. Оған қоса 16 ішкі конкурс өтіп, 6 адам жоғары мемлекеттік қызметке тағайындалды. Мемлекеттік қызметтен үміті бар жас мамандардың әрқайсысына тәжірибелі тәлімгер бекітіліп, күрделі жаңа істің қыр-сырын үйретеді. Қызметке бірінші рет қабылданушы жастарға міндетті түрде сынақ мерзімі беріліп, еңбекақы жұмыс нәтижесі бойынша төленеді. Осы күндері 32 мемлекеттік қызметші сынақ мерзімінен өтуде.

Аймақ басшысы Болат Бақауовтың айтуынша, облыста барлық мемлекеттік органдарда бақылау әдістемесі бекітілген. «Б» корпусы қызметшілерінің жұмыс сапасы жылдық жеке жоспар бойынша бағаланады. Осы жылдың бірінші тоқсанында 2380 мемлекеттік қызметші бағалаудан өтті. Оның қорытындысы бойынша, 7 адам жоғары, 1488 адам «тиімді», 884 адам «қанағаттанарлықсыз» деген баға алды.

Мемлекеттік басқару қызметін жетілдіру және заманауи басқарудың тиімді тегіні қалыптастыру жолында көптеген жоспар мен жобалар бар. Басты мақсат — кәсіби мемлекеттік аппарат құруға бағытталған. Сол себептен мемлекеттік қызметшілердің этикалық талаптар аясында қызмет етіп, қарым-қатынас орнатуы да басты назарда. Тіпті этика бойынша арнайы институт құрылған. Бұл ұйым мемлекеттік қызметшілердің құқығын қорғап, әдептілік талаптарын сақтамағандарға қарсы тәртіптік немесе әкімшілік шара қолдануды қарастырады. Мемлекеттік органда жұмыс істейтін азаматтардың немісқұрайдылығы мен дөрекілігін байқаған облыстың кез келген тұрғыны аталған институтқа шағым түсіре алады.

ЗАҢ ТАЛАБЫН ОРЫНДАУ — БАСТЫ МІНДЕТ


Реформаға сәйкес — занның орындалуын қамтамасыз ету және тұрғындар мен облыстағы барлық қызмет түрлерінің заң талаптарына мұқият қарауына басымдық беру. Бұл орайда, облыс әкімшілігі заң алдында ел азаматтарының барлығы тең дәрежеде екендігін қамтамасыз ете отырып, бірнеше шараны қолға алды. Судьяларды іріктеу жүйесін жетілдіру мақсатында арнайы Кеңес құрылды. Консультативтік кеңестік орган құрамында әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері, мәслихат депутаттары мен отставкадағы ардагер судьялар бар. Кеңес мүшелері үміткерлердің әрқайсысымен әңгімелескеннен кейін ғана шешім қабылдайды. Өңірдегі «Қоғамдық келісім» ұйымының жанынан Медиация орталығы құрылып, іске кірісті. Сонымен қатар әрбір аудандық пен ауылдық округтері де медиация кабинеттері ашылды. Сол арқылы бірнеше тарап арасында ушыққан істі сотқа жеткізбей шешу мүмкін болып отыр. Сот жүйесінің ашықтығы қамтамасыз етілуде. Бүгінде облыс бойынша 92 сот залы аудио-бейне-жазба құрылғыларымен жабдықталған. Аталған жүйені қолданудың нәтижесінде



Павлодар еліміздің өндірісті өңірінің бірі ретінде республика экономикасына қосып отырған үлесі мол. Елбасының «100 қадам» Ұлт жоспарында қойған жаңа мақсат, талап, тапсырмаларын жүзеге асыру бағытында облыста қарқынды жұмыс атқарылуда. Павлодарлық өңірлік коммуникациялар қызметінде брифинг өткізген облыс әкімі Болат Бақауов Ұлт жоспары шеңберінде өңірде атқарылған жұмыстарға шолу жасап, алда орындалатын келелі істерге тоқтады.

ӨНДІРІСІ
қарыштаған өлке

бітімгершілікпен аяқталған істер саны 28 есе артқан. Заң үстемділігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жергілікті полиция жұмысын бастады. Осы орайда, жергілікті полиция қызметінің материалдық-техникалық жабдықталуына баса назар аударылуда. Бұл өз кезегінде облыстағы құқық сақтау саласына оң әсерін беруде. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында қоғамдық орындардағы қылмыс саны 9 пайызға, көшедегі қылмыс 16,6 пайызға азайған. Сондай-ақ жол-көлік оқиғасы бойынша көрсеткіш 0,7 пайызға және жол апатынан қайтыс болғандар саны 40 пайызға төмендегені байқалады. Бұдан бөлек, жергілікті полиция қызметкерлері ауылдық жердегі мал ұрлау мәселесіне ерекше мән беруде. Жергілікті әкімшілік, шаруа қожалығының басшысы



және малшы арасында ресми түрде шарт жасалып, еңбекақы белгіленеді. Облыста ауылдардың картасын құру жоспарлануда. Сонымен бірге республикалық «Қылмыстық құқық бұзушылық картасы» аясында интернет-портал құрылып, облыс соған қосылды. Тұрғындар портал арқылы қылмыстық ахуал туралы пікірлерін жеткізе алады. Бұл жұмыс үшін облыстық бюджеттен 28 миллион тенге бөлінді. Жаңа заң талаптарына сәйкес, жергілікті полиция өкілдері халықпен жүздесіп, атқарылған жұмыс туралы есеп беріп тұруы тиіс. Биыл осындай 221 есептік кездесу ұйымдастырылып өткізілді. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыстың алдын алу мақсатындағы жұмыс әлі де атқарыла бермек.

ИНВЕСТИЦИЯ ЭКОНОМИКАНЫҢ ІЛГЕРІ
ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Павлодар облысы өндіріс орындары көп шоғырланған өңір. Инвесторлардың облыс экономикасына инвестиция құйып, өз ісін дамытуға қолайлы. Мұнда жаңа кәсіп ашуға мол мүмкін жасалған. Былтыр облысқа 450 миллиард тенге инвестиция тартылып, Павлодар облысы республикада көш бастады. Бұл ретте өңдеу өнеркәсібіне бағытталған инвестиция көлемі 230 миллиард тенгеден астам қаржыны құрады. Бүгінде облыс 1,2 триллион тенгеден астам қаржыға 31 жобаны жүзеге асыруға мүдделі.

өндірісіне қажетті алюминий дискілерін шығару жобалары.

Инвестор тартуға бағытталған негізгі нүкте — «Павлодар арнайы экономикалық аймағы» болып табылады. Бүгінде экономикалық аймақта 40 миллиард тенгеден астам инвестиция салынған 4 кәсіпорын жұмыс істеп тұр. Арнайы аймақтың инфрақұрылым құрылысына бөлінген 3 миллиард тенге игеріліп, қажетті нысандар салынды. Бюджеттің 1 теңгесіне 13 теңгеден жеке инвестиция тартылуда. Арнайы аймақтағы кәсіпорындар шығаратын өнім көлемі 14 миллиард тенгеден асты. Былтыр «Арнайы экономикалық аймақ туралы» Қазақстан заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген болатын. Бұл — экономикалық аймақтың жұмысына тын серпін берді. Нәтижесінде 400 миллиард тенгеге тағы да 8 жобаны жүзеге асыру көзделуде. Олардың екеуі осы жылы пайдалануға беріледі.

Облыста туристік кластерді дамыту бағытында да кешенді жоспар әзір. 57-қадамды орындау мақсатында әрі EXPO-2017 көрмесі қарсаңында халықаралық туристерге арналған бес маршрут нақтылап, туристік компаниялармен келісімдер жасалып, Баянауыл ұлттық табиғи паркінде екі демалыс үйі ашылмақ. Облыс басшысы Болат Бақауов жоғары аталғандардың барлығы аймақтың экономикалық серпін алуына оң әсер беретінін сенімді екенін айтты.

БІРЛІК БАР ЖЕРДЕ — ТІРШІЛІК БАР

«Мәңгілік ел» — халқымыздың бірлігі мен келісімін дәріптеуге бағытталған басты құндылық. Бүгінде аймақ көлемінде этносаралық, тілдік және діни қарым-қатынастарды сақтау және нығайту үшін өңірде 24 облыстық, 83 қалалық және аудандық этномәдени бірлестіктер жұмыс істейді. Қазақстан халқы Ассамблеясының қасынан құрылған ғылыми-сараптамалық топ мүшелері «Мәңгілік ел» идеясының құндылықтарын түсіндіруде. Облыста 2 мыңнан астам адамды қамтыған 30-дай іс-шара ұйымдастырылды. Ассамблеяның жаңа бағыты — медиация, яғни қайырымдылық және қоғамдық бақылау. Бүгінде аудандар мен қалаларда, ауылдық округтерде 43 қоғамдық келісім кеңесі жұмыс істейді.

Облыс орталығындағы Достық үйінде мерейтойлық жылға бастау болған «Үлкен ел — үлкен отбасы» акциясы өткізілді. Елбасының қатысуымен ағымдағы жылғы наурыз айында Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамын құру шеңберінде еңбек ұжымдарының республикалық форумына 4 мыңнан астам жұмысшы мамандығының өкілдері қатысты.

«Үлкен ел — үлкен отбасы» жалпыұлттық жобасының шеңберінде облыста қайырымдылық жұмыстары ұйымдастырылуда. Өңірде отбасыларға қолдау көрсету жөніндегі 134 қызмет бар. Сондай-ақ «Отбасым — тірегім» жас отбасылар клубы да жемісті жұмыс істейді. «Қайырымдылық керуені» және «Қайырымдылық» акцияларына барлық меншік нысандарындағы ұйымдар, этномәдени бірлестіктер белсенді қатысып, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, ардагерлерге, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар «Қамқорлық», «Мейірім керуені», «Мектепке жол» акциялары өткізіліп тұрады. Мәселен, «Қамқорлық» акциясы аясында 10 мыңға жуық мектеп оқушысына 33 миллион теңгеге материалдық көмек көрсетілді. Облыс әкімі мұндай игі істер қарым-қатынастың нығаюына, жақсылық жасауға ынталандыратынын айтып, алда да сабақтастық үзілмейтінін атап өтті.

Брифингті қорытындылай отырып, Павлодар облысының әкімі өңірдегі мемлекеттік қызметшілерді «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының орындалуын жауапкершілікпен атқаруға шақырды.

Мұхит ОМАРОВ,
Павлодар облысы

ҮШ АҚПАР

Депутаттар өңірге аттанды



Осы аптада әдеттегідей Мәжілісте алкалы жиын өткен жоқ. Төменгі палатаның баспасөз қызметі сейсенбі күні жалпы отырыстың болмайтынын хабарлаған еді. Бірақ оның не себептен болмайтынын ашық айтпады. Сөйтсек, депутаттар Жер кодексіне енгізілген өзгерістерді түсіндіруге өңірлерге аттанып кетіпті.

Өкініштісі сол, құзыретті мемлекеттік органдар да, депутаттар да өткен жылдан бері жерге қатысты жаңалықты халыққа дауыстап түсіндіре алмай жүр.


Төлен ТІЛЕУБАЙ,
Астана

«Новороссийское»,
«Рублевка», «Минское»...

Елімізде әлі күнге дейін атауы өзгертілмеген ауылдар бар. Бұл туралы Gonzo.kz сайтына блогер Лаура Есенбаева жазды. Новороссийское мен Рублевка ауылы Солтүстік Қазақстан облысында. Ал Минское Ақмола облысы Ақкөл ауданы Карасай ауылдық округінің құрамына кіреді.



Ерлікті есірткіге теңегендер



Екінші дүниежүзілік соғысының ардагеріне тиесілі 30 шақты медаль мен «Қызыл Жұлдыз» орденін ұрылар небәрі 50 мың теңгеге бағаланды.

Осыдан екі жыл бұрын қайтыс боп кеткен ардагер Григорий Яйковтың ұлының үйін тонаған ұрылар есірткіге қажет ақшаны осылайша таппақ болған. Құқық қорғаушылардың айтуына сүйенсек, қолға түскен екі жас жігіттің тағы бір пәтер ұрлығына қатысы бары анықталды. Пәтерден жоғалған қымбат тұрмыстық техника мен скутер де солардан табылған. Қылмысы дәлелденген жағдайда екеуі де 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.



Олег СМОЛЯКОВ, Ұлттық Банк төрағасының орынбасары:

– Елімізде 5 миллионға жуық адам әртүрлі төлемақы бойынша банкке қарыз. Оның миллионға жуығының қарыз болған уақытты 90 күннен асып кеткен. Дәлірек айтар болсақ, 662 мың адам.

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Деректі әңгіме

Алматы қаласындағы Бостандық аудандық ішкі істер баскармасының қызметкерлері 24 жастағы өзбекстандық азаматты қолға түсірді. Жалған құжатпен несие рәсімдеп, банк атаулыны «талап-тал түсте топпа» жүрген жас жігіт әзірге 4 эпизод бойынша күдікті болып отыр. Рәсім мәліметке жүгінсек, жас жігітті жалған несие рәсімдеуге мәжбүрлен келген үш-төрт адам із жасырып көрінеді.

ӘЛҚИССА:

— Менікі емес... Менікі емес... Менікі емес...

Екі көзін тарс жұмып алып, өзімен-өзі күбірлей сөйлескен қараторы келіншекке тандана қарадым. Былай қарасаң рас, «қуып отырған» адамға онша ұқсамайды. Бет-әлпеті де әп-әдемі. Сәнді киінген. Тәуір-ақ келіншекке ұқсайды. Тек ауық-ауық ел назарын аударып, өзімен-өзінің сөйлесетіні болмаса. Әрі-беріден кейін пәленбай метр тереңдіктегі метро шіркініне «қуып жүретіндер» оп-онай кіре алмаса керек-ті. Өйткені, өз басым басқаны білсем де, метро полициясының қалай жұмыс істейтінін жақсы білемін.

— Жағдайы жақсы емес болса керек, — деді жанымда отырған бұжыр бет еркек буқа мойнын мен жакка әрең бұрып, — әйтпесе көрікті-ақ келіншек екен.

Мен енді «өзімен-өзі сөйлескіш» келіншекке емес, бұжыр бетке тандандым:

— Жағдайының жақсы емес екенін қайдан білдіңіз? Қатырасыз сіз де. — Ол үшін «прапесір» болу шарт емес, — деп бұжыр бет бүкіл вагон ішіндегілерді өзіне қаратып, қарқылдай күлді. — Естімедің бе, күбірлеп айтып отырған сөздерінің ішінде «кредит-кредит» деген сөздер көп естіліп қап жатыр ғой. Соған қарағанда, мойнында миллиондаған кредиті бар сылқым болды, бұл келіншек.

— Кредитте тұрған ештеңе жоқ. Қазактың бәрі кредитпен өмір сүріп жатыр. Сізде де бар шығар ондай бәлекет? — дедім мен. Қарап отырып, бұжыр бетке тиісім келді. Неге екенін қайдам, әйтеуір «қуып отырған» келіншекті бұжыр беттен қорғағым келді. Осы кезде манадан бері ел назарын өзіне аударып отырған әдемі келіншек селқ етіп, көзін ашып алды. Сосын қарақаттай қап-қара көздерімен айналасына аң-таң боп, антарыла қарады. Антарыла қарады да — басқаларға емес, маған ғана жымылып күлді:

— Кешіріңіз. Мазанызды алдым ба? «Қуатын адамға» расымен

ұқсамайды екен. Өйткені, ондай адам бұлай сөйлемесе керек-ті. Жақынырақ танысқым да келді өзімен. Мүмкін, бұжыр бет айтқандай, шынымен де несие жағынан проблемасы бар шығар?

— Жо-жок, мазамды алған жоқсыз, — дедім мен жүз жыл көрмеген жақын адамын жер астында кездестіргеніне жүрегі жарылардай боп қатты қуанған адамның түрін байқап. Бірақ осы кезде метро пойызы да соңғы бекетке ысылдай кеп тоқтады. Жердің астынан жердің үстіне әдемі келіншек екеміз қол ұстаспасақ та, әзілдесе сөйлесіп, бірге шықтық.

БҰЖЫР БЕТ БІЛІП АЙТЫПТЫ

Метро вагонында қарқылдай күліп, үлкен-кішінін бәрін өзіне қаратқан бұжыр бет шынында да біліп айттыпты: Әдемі келіншектің несиеі бар екен. Алматыдағы Абай мен Гагариннің қиылысындағы шағын сабаққа келіп, тізе бүккен едік. Сол жерде таныстық та. Әдемі келіншекті күндіз — күлкінен, түнде — ұйқыдан айырған несие хикаясын да тура осы жерде естідім.

Айтуынша, Айменкүн ешқашан несие алып көрмеген. Тіпті өзі өз болып, ес біліп, етек жинағалы банк дегенмен байланысып та көрмепті. «Қарызыңыз пәлен пайызға өсіп кетті, түген миллион төлеуіңіз керек» деген бір жапырақ банк бланкісі қолына тиген кезде, жүрегінің тас төбесіне шыққаны да рас. Содан зуылдап отырып, банкке келмей ме, екі өкпесін қолына алып. Әйтеуір, абырой болғанда, осынау шет-шегі жоқ банк-несие хикаясына жақын арада нүкте қойылатынға ұқсайды.

— Қызық екен, ә? Бұл өзі қалай болғаны, банк несиені сіздің құжатыңызбен рәсімдеген бе?

— Иә, айна-қатесіз менің құжатыммен рәсімдепті, — деп жана ғана жадырап отырған Айменкүннің әдемі көздері қайтадан мұндана қалды, — жеке бас куәлігімді пайдаланыпты.



Комплекс: Фалия ҚАЛИЕВА

— Енді... мәселенің осындай махинация болып шыққаны белгілі болған соң банк те сізді мазалауын қойған шығар? Аландаманыз.

— Мәселе осында болып тұр ғой. Алаяқтарға қатысты тергеу жұмыстарының жүргізіліп жатқанын біліп тұрып, банк маған «қарызыңызды төленіз» деп қағаз жіберуін қояр емес. Банк өтініш жасаған екі бірдей коллекторлық агенттіктің өкілдері де кейінгі кездері мазамды май ішкендей, шаршатып жіберді.

— Бұл қалай сонда, Айменкүн? Алаяқтық әрекеттің орын алғанын, тіпті соған қатысты тергеу жұмысының да жүріп жатқанын біліп тұрып, банк неге жалған құжатпен рәсімделген несие келісімшартын бұзбайды?

— Құқық қорғау мекемесі немесе сот органы түпкілікті шешім қабылдағанша банк келісімшарт күшін жоя алмайды екен.

— Қызық екен. Бұл не деген сөз, а?

— Бұл... — деп Айменкүн аспанға қарап, алақанын жайды, — несие мәселесі біржақты болғанша менің мойнымдағы қарыз пайызы күн санап өсе берелі деген сөз.

— Несиені алған адамның сіз емес екенін біліп тұрып, банк сонда да сізді мазалай бере ме, қалай сонда?

— Иә. Банк сонда да мені мазалай береді. «Менікі емес» деп күніне мың мәрте түсіндірсем де, мені мазалауын тоқтатпай-ақ қойды. Кейінгі кездері ұйықтап жатып, «миллиондаған несие менікі емес» деп қалай болса солай сөйлей беретін делқулы дәрежеге жеттім. Адамды осылайша өзгертіп жіберетін несие дегеннің сиқыры керемет енді. Өзіңіздің банкте несиеніз жоқ па еді?

— Жо-жок, — деп мен сасқалақтап қалдым, — күдай әзірге ондайдан сақтап жүр ғой.

— Байқаның, — деп күлді Айменкүн, — алғашқы кезде күдай мені де жап-жақсы сақтап жүрген. Дегенмен де, банк аралап, уақытыңызды кетіргіңіз келмесе, интернет

арқылы-ақ несиеніздің бар-жоқ екенін тексеріп қойғаныңыз артық болмас.

Рас-ау...! Айменкүн де несиенің бар екенін білмеген ғой. Мүлде білмеген.

Осылай ойлауым мұн екен, тезірек банк атаулыны адақтап, несиенің бар-жоғын тез арада тексергім келіп кетті. Кім біледі?

АЛТЫНТАНА ДА ӘЛЕК БОЛҒАН

Кәкір-шүкір жұмыстармен Халыққа қызмет көрсету орталығына кірген Алтынтана банкке қарызы бар екенін естіп, жүрегі тоқтап қала жаздады. Жоқ. Жалған емес. Бәрі де дұп-дұрыс. Көзімен көріп, қолымен сипалап ұстап отыр. Алтынтана Айбекқызының атында түп-тура 1 млн теңге несие бар екен. «Просрочкасының» өзі 266 күннен асып кетіпті.

— ЦОН-нан берілген анықтама қағазындағы мәліметтің бір де бірі дұрыс емес, — дейді Алтынтана Айбекқызы, — тек толық аты-жөнім ғана дұрыс жазылған. Ал қалғаны — тұрғылықты жерім, жұмыс істейтін орным, телефон нөмірім түгелдей өтірік.

— Банкке барып, тексертіңіз бе?

— Әрине, бардым. Тиісті қызметкер ішкі тергеуін жүргізіп кеп жіберіп еді, бәрі де дұп-дұрыс болып шыға келді.

— Түсінбедім. Несі дұп-дұрыс болып шыға келді?

— Менің атыма рәсімделген несиенің бар екенін айтамын да. Яғни құжат бойынша мен несие алған екенмін. Ал бірақ мен алған жоқпын ғой. Түсінесіз бе?

— Түсініп тұрмын. Сосын не болды?

НЕСИЕ ХИКАЯСЫ

банк басшылығына шағымданып, өзінің несиелік тарихын *(кредитная история)* тез арада түзетуді талап ете алады.

М-м-м, да. Көнілсіз көрініс, аянышты әңгіме әлбетте. Бірақ деректің аты — дерек. Байғараевтан шыққанда менің миыма: «Осы несие хикаясы кімге тиімді, а?» — деген сауал сарт ете қалды.

Ойланатын мәселе, шынымен-ақ.

БАНК ҚАТЕЛЕСЕ МЕ?

Банкке бардым. Тексерттім. Есебім дұрыс екен. Айменкүннің жағдайын қатысты банк қызметкерлерінен сұрап едім, жауап бермеді. Содан кейін өмір бойы банк саласының «нанын жеп», сол саладан зейнетке шыққан құдайы көршім бар еді. Сауалыма жауап іздеп, қария кісіні мазалағаным ыңғайсыздансам да, амал жоқ, сол кісіге бардым. Сөйтсем, сағат түгілі, минутты «қалай өлтіруді» білмей отырған экс-банкир әңгімелесетін адамның аяқ астынан табыла кеткеніне қатты қуанып қарсы алды мені.

— Ағасы, банк саласында проблемалық несие деген термин бар. Мұны білемін. Осы мәселені өзінің «оң жамбасына» келтіре отырып шешу үшін банк басқа адамдардың атына «жалған несие» дегенді «іліп» жіберуі мүмкін бе?

— Әлбетте мүмкін. Дегенмен, мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Кез келген банк ен алдымен өзінің репутациясын ойлайды.

— Дұрыс қой. Ал бірақ осы банк басшылығы өз қызметкерін тексере ме негізі? Мысалы, қолының сұғанақтығы бар қызметкер белгісіз біреудің атына миллиондаған несие рәсімдеп жіберіп, сосын өзінің сол миллионмен із жасырып кетуі де мүмкін ғой, қалай ойлайсыз?

— Әрине, мүмкін. Әйтсе де кез келген банктің жана келген қызметкерді тексеретін өз «тәртібі» болады. Сондықтан бұл жайында пәлен-түген деп жаппазандап жатудың қажеті шамалы. Содан кейін мынандай да мәселе бар: банк қызметкері несие алушы туралы мәліметті жүйеге енгізеді. Бітті. Оның қолынан басқа еш нәрсе келмейді. Тиісті мәлімет жүйеге енгізілгеннен кейін несие беріле ме, жоқ па — оны сол жүйе анықтайтын болады.

— Сонда банк тарапынан қателесу дегеніміз мүлде болмай ма?

— Болады, әрине. Банк те қателеседі. Сандық технология қатты дамыған қазіргі кезде банкте, мысалы, скорингтік жүйе деген бар. «Клиентке несие беру керек пе, жоқ па?» деген мәселені осы жүйе шешеді. Ал арнайы бағдарламамен жұмыс істейтін мұндай жүйенің қателесуі, тіпті де мүмкін емес. Қателесетін де шығар, кім біледі? Бірақ өз басым: «Скорингтік жүйе қателесіп, бөтен біреудің мойнына несие іліп жіберіпті» дегенді мүлде естіген емеспін.

Міне, күрметті оқырман, 24-ақ жастағы өзбекстандық азаматтың банк саласындағы алаяқтығымен жақын танысамыз деп жүріп, осындай да осындай жақсы мәліметке қанықтық. Ал енді негізгі кейіпкерімізге келетін болсақ, жалған құжатпен бірнеше банктің «басын айналырған өзбекстандық Остеп Бендермен» жоғарыда аталған ауданның тергеу бөлімі айналысуда. Әзірге бұл жігіт 4 эпизод бойынша тергеп-тексеріліп жатыр. Қылмыстық іс барысында басқа да белгісіз жәйттердің «сорпа бетіне» қалқып шығуы ғажап емес.

P.S.

Мемлекеттік несиелік бюро мәліметіне жүгінсек, елімізде 5 миллионнан астам адамның несиеі бар. Быылғы жылдың басынан бері соның 1 миллион 102 мыңы несиеісін төлей алмай жүрген көрінеді.

Марат МАМАНБАЙ



ОҚЫРМАН
КЛУБЫ

Маралбек

Базылбеков, оқырмандар клубының модераторы: Армысыздар, қадірлі достар! Келіскеніміздей, мінеки, бүгін «Әке» повесін талдамақпыз. Шығармада қым-қуыт оқиғалар арқылы әкем мен бала арасындағы сабақтастық пен ұлттық құндылықтарымыздың бет-бейнесін жазушы дұрыс аша білген деп ойлаймын. Кім не түйді, автордың айтпақ ойы не?

Назерке Мұхтарқызы, ҚызМПУ студенті: Шығарма тарихқа тұнып тұр.

1918-1920 жылдардағы Кеңес үкіметінің орнауы, азамат соғысы, 1927 жылдан кейінгі ұжымдастыру, одан кейінгі тәркілеу, 1931-1932 жылғы ашаршылық, 1930 жылдан бастап «Қазақ жау» деп зиялыларымызды түрмеге жауып, 1937-ден бастап жаппай жазалау, 1941 жылы басталған Ұлы Отан соғысы болды. Шығармада осы

оқиғалардың барлығы қамтылған. Оқи отыра сол кезеңді көз алдына алып келеді. Соңында «Әлдеқалай көңілім босап, көзіме ыстық жас тірелді. Бірақ әкемнің қазасына жылағам жоқ. Басқа бірденеге. Басқа...» дейді Сайлау. Меніңше, ол алып кетпек болғанда әкесінің неге қалаға бармағанын түсініп, өзі де ел ішінде өмір сүруді қалап, көзіне жас алған тәрізді...

Айсұлу Сүлейменова, ҚызМПУ студенті:

Сүйінші бұрыннан келе жатқан дәстүріміз ғой. Шығармада Тайшық Сайлаудан келген хатты кешігіп әкеліп, анасынан сүйінші сұрайды. Сөйтеді де, жөнсіз дүниені бастап: «Арағыңды құй, бірдене әкелдім!» — деп даурығады. Осы бір-ақ ауыз сөз бүкіл ұлтқа төніп тұрған қауіпті көрсетіп тұрған секілді. Шығарманың сюжеті бойынша да арақ туралы сөз болғаннан соң қайғылы оқиғалар басталып кетеді...

Ерден Серікханұлы, студент: Өмір үш кезеңнен тұрады: өткен кезең, қазіргі уақыт, болашақ. Менің ойымша, мұнда екі кезең қамтылған, өткен және қазіргі. Үшінші кезең, яғни болашақ ұмытылып кетті. Меніңше, шығарма әлі аяқталмаған. Өйткені, ешқандай шешім айтылмады, әкесінің өлгені — тек кульминация ғана. Оқырман ойлануы керек, Сайлау ары қарай не істейді?.. Повестің жазылу түрі роман формасына жақын. Өйткені, шығармада кейіпкерлердің саны тым көп және жанама кейіпкерлерге нақты ешқандай сипаттама бермейді. Ол кім? Қайдан келді? деген сияқты. Әсіресе, ситуацияны беру формасы мені ерекше баурап алды. Әкесінің ауырып жатқанын сипаттап, сол жерге шиеленіс алып келуге болатын еді. Автор олай істеген жоқ.

«Жас қазақ» газетінде жаңа айдар. «Оқырман клубы!» Жыл басынан бері Алматыдағы Ұлттық кітапханада «Оқырмандар клубы» өз жұмысын бастаған еді. Екі апта бұрын жазушының кітабы таңдалып, отырыста қызу талқыға түседі. Бұл жолы клуб мүшелері көрнекті қаламгер Төлен Әбдіковтің «Әке» повесіне қатысты өз ойын айтқан. Төменде Оқырмандар клубында айтылған пікір жиынтығын ұсынып отырмыз.

Kiman talk



Қаладағы ұлын алып келді. Яғни жана кейіпкерді қосу арқылы сюжет желісін өрбітті. Әкесі мен ұлы арасындағы қактығыс, бұл бұрынғы заман мен қазіргі заманның қактығысы ретінде көрініс тапқан. Сонымен қатар Сайлаудың образы арқылы заман ағымына түскен адамның, жалпы қоғамның көрінісін берген.

Әйгерім Серікбай, ҚазҰПУ студенті: Шығарманың ұнаған жері — Сейсеннің жамағайынының көтермеген әйелі «босаныпты» дегенді естіп көзіне жас алуы. Өйткені, біреудің қуанышына шын тілектес болу — бізде сирек кездесетін дүние. Ал «Алматыдан туысымыз келетін, екі баланы ғана ертіп келетін» деген тұсында кею бар. «Екі баладан артық көтере алмады ма? Әйел адам өзінің денсаулығын құртып алам, балабасты болып кетем, қызық көре алмай қаламын деп ойлайды», — дейді. Баладан артық қандай қызық бар бұл дүниеде деген терең ойды тастап отыр. Сосын, біз «алдағы күзде, алдағы жылы» деген белгілі бір арманмен өмір сүреміз де, қазіргі уақытты, қолдағы бақытты ұмытып кетеміз. Соны бағалай білуге үйретеді.

Серік ҰРКІНБАЕВ, Bilim Media Group компаниясының қызметкері: Кітапты «оқығанда ең әуелі тақырып пен идеяға назар аударушы едім. Ең әуелі идея мен тақырыптың аражігін ажыратып алайық. Бұл өзі әдебиет зерттеушілерінің арасында тартыс туғызып отырған нәрсе. Біреулер оларды бөлек десе, енді біреулері бірге алып қарастырады. Расул Ғамзатовтың мынадай сөзі бар екен: «Егер идея, адамның ой-сезімі, яғни жол болатын болса, тақырып — сол жол апаратын шаһар». Төлен Әбдіковтің «Әкесі» мен Қаржаубай Омаровтың «Әке» повесін салыстырып оқысаңыз, Төлен Әбдіковте әкенің нақты мінезі көрсетілмегенімен, оның биік тұлға екендігіне көз жеткізесіз. Яғни апаратын мақсат басқа болса керек. Ал Қаржаубай Омаровтың «Әкесінде» балға жоғалып кетсе де, шалғы жоғалып кетсе де, баласына «таппасаң үйге кірмейсін» деп талап қоятын әкенің қатал бейнесі, тәртібі берілген.

Повест тұнып тұрған қазақтың этнографиялық

Атырау
облысындағы

Құрманғазы ауданының әкімі Амангелді Барақатов өңір басшысы Нұрлан Ноғаевқа «настоящий Атырауский понт» көрсетпек болғанға ұқсайды.

Яғни ауданға сапарлай барған облыс әкімін алдына және артына екі елдің — Ресей мен еліміздің мемлекеттік нөмірі жапсырылған шетелдік автокөлікпен күтіп алды.

Аудан әкімі мінген жапон көлігіндегі «парықсыз понтты» бірден байқаған Ноғаев жүргізушіге қатысты дереу хаттама толтыруға тапсырма берді.

— Аудан әкімі мініп жүрген көлік иесінің заң талабын өрескел бұзуына көз жұма қарауға болады деп кім айтты? — делі ол жергілікті полиция бөлімінің басшысына. — Мына көлік иесі шұғыл жазаға тартылсын. Алдағы уақытта мұндайға жол берілмейтін болсын.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев Құрманғазы ауданына жаңа әкім Бибоз Шаяхметовті тағайындауға барған болатын.

Марат МАМАНБАЙ



Қарағандыда күйеу жігіт пен қалыңдықсыз той өтті. Той иелері АҚШ-та білім алып жатқандықтан, елде өткізілген тойға келе алмады.

Ең қызығы, тойдың беташар, неке қию сынды рәсімдері скайп арқылы онлайн режимде өтті. Бұл туралы тойда оператор болған Facebook қолданушысы Бекзат Рымқұлов мәлімдеп, тойдан бейнежазба жүктеген болатын.



тұрмысының көрінісі. Нағыз мәдениет, нағыз әдептілік, нағыз жылылық қазақтың ауылдағы ортасы. Бұл шығармада қазақты жоқтау бар, қазақтың салтын жоқтау бар, дәстүрін жоқтау бар. Сіздер қаладан ауылдағыдай адамдарға деген жылылықты байқай алмайсыздар. Бұл жерде негізгі тақырып әке емес, осынау тұрмыс тіршіліктің шытынай ыдырап бара жатқан көрінісін берсе керек.

Тілек Ырысбекұлы, ҚазҰУ студенті: Маған Сейсеннің батылдығы ұнады. Повесте біреудің асын беретін адам секілді: «Жылдық асымды өздерің ыңғайластырыңдар», — деп айтып өтеді. Содан кейін жетісіне, қыркына қандай мал сою керектігін аманаттайды. Ондағы батылдық қазақ азаматтарына керек жағымды қасиет болса, қара басының қамы үшін Нұржанды сатып кететін Естөренің жағымпаз бейнесі арқылы керексіз қасиетті керемет суреттеген.

Аяулым Әбдіреш, ҚызМПУ студенті: Мен бұл шығарманы Оноре де Бальзактың «Гори атайының» мазмұнына ұқсаттым. Онда екі қыз бен әке бейнеленсе, мұнда ұл мен әке арасындағы

қарама-қайшылық байқалады. Әр уақытта ұрпақтар көзқарасының алшақтығы болады, ол ешқашан өзгермейді. Ұлттық құндылықтарымызды сақтау үшін біз жаһандандудың көшіне ілеспеуіміз керек деп есептеймін.

Маралбек Базылбеков, оқырмандар клубының модераторы: Бас-аяғы 50 шақты оқырман жиналған басқосуда Төлен Әбдіковтің «Әке» повесі жан-жақты талданды. Оқырмандар келесі кездесуде талдау үшін ұсынылған 5 кітаптың біреуін — Бердібек Соқпақбаевтың «Өлгендер қайтып келмейді» романын тандап алды.

Әзірлеген Балнұр КОЖАГЕЛДІ

ПРЕМЬЕРА



М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында мамыр айының 7, 17 жұлдызында У.Шекспирдің «Король Лир» пьесасының желісі бойынша «Лир патша» трагедиясы сахналанады.



«Атырауский понт»

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАН

көлік иесінің заң талабын өрескел бұзуына көз жұма қарауға болады деп кім айтты? — делі ол жергілікті полиция бөлімінің басшысына. — Мына көлік иесі шұғыл жазаға тартылсын. Алдағы уақытта мұндайға жол берілмейтін болсын.

Облыс әкімі Нұрлан Ноғаев Құрманғазы ауданына жаңа әкім Бибоз Шаяхметовті тағайындауға барған болатын.

Марат МАМАНБАЙ

Директор — Бас редактор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Төлен ТІЛЕУБАЙ Бас редактордың орынбасары — Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВБас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 394-39-67
(жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2097;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, соңдай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуесжолдарының ұшақтарында бар.